

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 833 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 қарашадағы N 1600

Герман несиесін өтеу жөніндегі қаржылық міндеттемелерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазагрореммаш-холдинг" ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервис мемлекеттік холдинг компаниясының құқықтық мұрагерлік мәселелерін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 833 P960833_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтағы "Қазагрореммаш-холдинг" ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және автосервис мемлекеттік холдинг компаниясының (бұдан әрі - "Қазагрореммаш" акционерлік қоғамы") деген сөздер "МБК" жауапкершілікті шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - "МБК" ЖШС) деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Қазагрореммаш" акционерлік қоғамына" деген сөздер "МБК" ЖШС" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қазагрореммаш" акционерлік қоғамы мен" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"Қазақстан Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша банктік сараптаманың негізінде бір айлық мерзімде "МБК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 1998-2002 жылдардың ішінде "МБК" ЖШС" тарапынан негізгі борыш пен несиені валютасында немесе төлем күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген бағам бойынша теңгеде, барлық ілеспе төлемдерді республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету үшін қажетті кепілдіктер мен кепіл міндеттемелерді ұсыну арқылы шетелдік несиені өтеу жөнінде несиелік шарт жасассын;

4 және 5-тармақтар тиісінше 5 және 6-тармақтар болып есептелсін;

көрсетілген қаулыға қосымшадағы "Агрореммаш" компаниясы" АҚ" деген сөздер "МБК" ЖШС" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК